

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады



1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН



Газет 2007 жылы Қазақстан Журналистика Академиясының «Алтын жұлдыз» сыйлығымен марапатталды.

www.ortalyk-kaz.kz

◆ Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті ◆ БЕЙСЕНБІ, 2 СӘУІР, 2015 ЖЫЛ №51-52 (21 937) ◆

Газет 1981 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградалған.

Бейнемәслихат

Тиімді басқару тәсілдері

Президент жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде «Мемлекеттік басқарудың тиімділігін дамыту» тақырыбына арналған баспасөз мәслихаты өтті. Жиында ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жұмыстарына шолу жасалды.

Арман ӘЛМЕНБЕТ, «Орталық Қазақстан»

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Саян Ахметжановтың хабарлауынша, биылғы жылдан бастап мемлекеттік қызметкерлерге жалақы төлеуде бонустық жүйе қосылуы мүмкін. Яғни, әр қызметкер өз мекемесінің шығынын үнемдеп, немесе басқа да жолмен пайда әкелетін болса, сол қаржыдан айлығына қосымша ақы қосылатын болады. Ол үшін кеңейтілген зерттеу жүргізіліп жатқаны айтылды.

Және де мемлекеттік қызметке орналасқысы келетін үміткерден «мансап картасы» талап етілмек. Бұл жөнінде ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне қарасты басқарма басшысы Динара Жәнінова мәлім етті. Оның айтуынша, «мансап картасы» мемлекеттік қызметке үміткер жастарды студент кезінен бастап тәрбиелеп, қабілеттерін дамытуға қызмет етуі тиіс. Ең бастысы, осы тәсіл арқылы үміткер өзінің қабілеттерін танып сондай-ақ, болашағын, белгілі уақыт өткенде қандай қызметке дейін көтеріле алатыны жобаланады.

Сонымен қатар, жемқорлықпен күресті күшейту мақсатында сингапурлық өріптестермен байланыс жасалып жатқаны да сөз етілді.

Халықаралық конференция

Жұма күні Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ қабырғасында «Академик Е.Бөкетовтің ғылыми және шығармашылық мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. 1985 жылдан бері әр бес жыл сайын тұңғыш ректордың туған күнін атап өту дәстүрге айналған. Отыз жылдан бері жалғасын жоғалтпаған биылғы шара ғалымның 90 жылдығына дәл келген екен.

Рауан ҚАБИДОЛДИН, «Орталық Қазақстан»

Бүгінгі таңда жоғары академиялық және ғылыми стандарттармен, өзіндік дәстүрлерімен классикалық университет ретінде ерекшеленетін Қарағанды мемлекеттік университетінің негізін алғашқы ректоры Евней Арыстанұлы Бөкетов салған. Ғылым мен білім берудің маңызын арттырып, дамыту жолында оның озық идеяларын жүзеге асырып, еліміздегі алдыңғы қатарлы университеттердің біріне айналды. Қарағандыдағы жалғыз көпсалалы жоғары оқу орны. Шара ұйымдастырушысы.

Студенттер сарайының екінші қабатындағы фойеде университеттің білім беру және ғылыми жетістіктер көрмесі жайылыпты. Естеліктер, мемуарлар, ғылыми мақалалар топтамалары, әдістемелік құралдар. Нақты ғылым салалары да тыс қалмаған. Өсімдіктен өндірілген жанармай, елге бағалы еден төсеніштері, жаңа технология жетістіктері қойылған.

Конференция басталар тұста көпшілік назарына «Академик Е.А.Бөкетов. Штрихи к портрету» деректі фильмі ұсынылды. Таспа өргендей тарқатыпты тұлға тағдырын. Жаңалығы сол, «Евней Арыстанұлы Бөкетовтің өлемі» кітабының тұсауы кесілді. Жинаққа ғұлама ғалыммен үзеңгілес азаматтардың, шәкірттерінің, отбасы мүшелерінің естеліктері енгізіліпті. Бұл да үлкен дайындықтың белгісі. Тізгінді әрі қарай өз қолына алған университет басшысы, профессор Е.Көбеев:

– Біздің еліміз, университет үшін бұл шара маңызды әрі мәнді іс. Бүгін осында ғалымның өріптестері, ағайын-туыстары, шәкірттері келіп

ҒАЛЫМ ҒҰМЫРЫ - ҒИБРАТ



90 Жыл



отыр. Біздің университет ғалымның кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған мұрасын тұрақты түрде оқып-үйрене отырып, салып кеткен ғылыми жолын жалғастыруда, – деп

бастады. Айшықты шараның ашылуын мәлімдеп, құттықтау сөзін жеткізген соң, сахна төріне бір топ ғалымдарды шақырды. ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті М.Жұрынов, академиктер – З.Молдахметов, С.Қожахметов, Қазақ тағамтану академиясының президенті Т.Шарманов, ақын, аудармашы, публицист Б.Тобаяқов, техника ғылымдарының докторы, профессор А.Бөкетова естеліктер айтқанда зал сілтідей тынды. Көкейде жүрген көп дүние ақтарылды. Соңына қарай, қарашаңырақтың қабырғасында бүгінгі таңда еңбек етіп жүрген бірнеше азаматқа атаулы сыйлықтар берілді. Конференция жұмысы осылай бас-

талды. Шырайлы сөзден шарапат алған әлеумет шағын үзіліске тарқасып, артынша пленарлық, секциялық мәжілістер жүргізілді.

Әр тұлғаның өмірі мен шығармашылығына мұралық еткен ұрпақ шара соңында «Ақыл-ойдың ағасы» атты театрландырылған студенттік қойылымды сахналады.

Арыстанның ұлында арман жоқ екен. Еңбегі де, есімі де ел есінде. Өзі іргесін қалаған «қарашаңырағының» күн санап қадірі артуда. Ұмытылмаған. Ұлын ұлықтаған ұлттың ұрпағы ұсақталмаған екен деп түйдік.

Суреттерді түсірген Д.КУЗМИЧЕВ.

ТАСҚЫН ҚҰРСАУЫНДА ҚАЛДЫ

Биылғы көктем Сарысу өзені бойындағы біраз елді мекенді әбгерге салды. Өткен жексенбіде өзен арнасымен жөңкілген қызылсу Ұлытау ауданының Сарысу ауылына да лап қойды. Тасқын салдарынан 43 үй су құрсауында қалды.

Амандық РАХҰЛЫ, «Орталық Қазақстан»

Аудан әкімдігі шұғыл штаб құрып, төтенше жағдай, ішкі істер органы және жол жөндеу мекемелерінің қызметкерлері дереу көмекке аттанды. Су алып кеткен үйлерден 173 адам қауіпсіз жерлерге көшіріліп, олардың көпшілігі туысқандарының үйіне орналастырылды. Малдарды да құтқаруға тура келді. Дегенмен, тасқын судан мал шығыны бар. Қозы-лағы бар 100-ден аса ұсақ мал, 15-16 ірі қара шығын болды. Құтқарушылар өзен арнасының су бұзып кеткен жерлерін бекітіп, үйге кірген суды техника күшімен сорып, тазартуға кірісті.

— Табиғаттың тосын мінезіне байланысты құрылған жедел штаб құрамындағы 4 топ барлық ахуалды бақылауда ұстауда. Жағдайды қалпына келтіру жұмыстарына 200-ден аса адам күші мен 22 тех-

ника жұмылдырылды. Жергілікті атқарушы билік қызметкерлері халықты сабырға шақырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Негізінде, «Жыланды» аталатын бұл аумақта Сарысу өзенінің сеңі әлі бұзылған жоқ. Өзеннің бас жағынан мұз үстімен келген қызылсу арнасынан шығып кеткен. Облыс орталығынан, Жезқазған, Сәтбаев қалаларынан құтқарушылар мен техника көмекке келді. Қазір жағдай қалпына келтіріліп, қауіп сөйілді, – дейді оқиға орнында жүрген аудан әкімі Х.Омаров.

Көнекөз тұрғындардың айтуынша, бұл ауылда мұндай тосын жағдай 1949 жылдан бері болмаған екен. Соған орай, бұл өңір су басу қаупі бар аймаққа жатқызылмаған. Шұғыл шара қолдану арқасында табиғи апаттың беті ойдағыдай қайтарылды. Қауіпсіздік шаралары әлі де жалғасуда.

ҰЛЫТАУ ауданы.

ҚАТЕРДІҢ БЕТІ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Көптен күткен көктеміміз қызығымен қатар, қиындықтарын да ала келді. Күн күрт жылынып, арты жауынға ұласып, еріген қар суының жерге сіңбеуіне байланысты су тасқыны жұртшылықты әбгерге салуда.

Тәслима ОРАЗАЛЫҚЫЗЫ, «Орталық Қазақстан»

Мәселен, Жаңаарқа ауданының орталығы – Атасу кентіндегі бірнеше үйді, Жұмажанов және Ақтайлақ елді мекендеріндегі үйлер мен мал қораларын су басу қаупі туындауына байланысты жедел жұмыс күші жұмылдырып, қатердің беті қайтарылды. Атасу станциясын су басу қаупі туындағаны туралы хабар бойынша аудандық төтенше жағдай жөніндегі комиссия тиісті шаралар қабылданды. Нәтижесінде адам күштері мен тиісті техникалар жұмылдырып, станция тұрғындарының қатысуымен тұрғындар мен олардың баспаналары, басқа да ғимараттар шығынсыз

су кентіне қауіп бар екендігі туралы хабар түсті. Шұғыл түрде аудан орталығының су басу қаупі бар Байғозы батыр көшесін бойлап тосқауыл жасалынып, осы көшеде тұратын 145 адам интернатқа және туысқандарының үйлеріне көшірілді. Аудан орталығынан жіберілген техникалар мен адам күші Жомарт станциясы маңындағы тұрғын үй мен мал қораны тасқын су төндірген қатер қыспағынан құтқарып қалды. Түгіскен ауылындағы А.Шадишев және Қ.Аққасқыровтың шаруашылықтарына да осындай қауіп төніп, аудан әкімі бастаған құтқарушылар тобы ширақ қимыл танытты.

Қазір аудан бойынша тасқынның алдын алу шаралары пәрменді жүргізілуде.

Сөз орайы келгенде, көңілге орай бір жойтты айтайық...